

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері¹ (бұдан әрі – ЗА) 18 449,01 млрд.² теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.01.2024 жылға үлесі	01.03.2024 жылға ағымдағы құны	01.03.2024 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	8 289,48	46,55%	8 623,58	46,74%	4,03%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	22,36	0,13%	236,36	1,28%	957,11%
ХҚҰ	359,46	2,02%	360,21	1,95%	0,21%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	14,01	0,08%	13,42	0,07%	-4,21%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	1 619,89	9,10%	1 812,62	9,83%	11,90%
ҚР ЕДБ облигациялары	848,05	4,76%	795,58	4,31%	-6,19%
PPN (құрылымдық ноттар)	7,23	0,04%	7,23	0,04%	-0,09%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	350,53	1,97%	370,00	2,01%	5,55%
Депозиттер	197,21	1,11%	198,03	1,07%	0,42%
ҚРҰБ депозиттері	876,66	4,92%	604,41	3,28%	-31,06%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	48,34	0,27%	41,95	0,23%	-13,22%
РЕПО операциялары	26,71	0,15%	-	0,00%	-100,00%
Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:	5 146,10	28,90%	5 385,63	29,19%	4,65%
Дамыған елдердің МБҚ	1 644,24	9,23%	1 617,88	8,77%	-1,60%
Дамушы елдердің МБҚ	1 122,87	6,31%	1 119,14	6,07%	-0,33%
Сыртқы басқарудағы активтер	2 378,99	13,36%	2 648,60	14,36%	11,33%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	17 806,034	100,00%	18 449,01	100,00%	3,61%
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	38,97		7,24		
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	17 845,01		18 456,24		3,43%

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (ҮТМ) 01.03.2024 жылғы жағдай бойынша жылдық 10,4% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 11,7%, шетелдік валютада – жылдық 5,0%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

¹ Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған

² зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 165,03 млрд. теңгеге ұлғайды және 8 623,58 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 46,74% құрады.

Есептік кезеңде 15,68 млрд.теңге сомасына ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді, сондай-ақ жалпы сомасы 77,68 млрд.теңгеге АҚШ долларына номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бөлігі сатылды.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 12,04% құрайтын номинал құны бойынша 262,12 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 11,8%, АҚШ долларымен – жылдық 3,3% құрады.

Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 211,63 млрд. теңгеге артты және 236,36 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,28% құрады.

Есептік кезеңде 115,81 млрд.теңге сомасына АҚШ МБҚ өтелді, сондай-ақ 114,72 млрд.теңге көлемінде АҚШ МБҚ сатылды.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 5,37% құрайтын жалпы 455,13 млрд.теңге көлемінде АҚШ МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 5,5% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 0,23 млрд. теңгеге азайды және 360,21 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,95% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 9,3%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Орташа алынған өтеу мерзімі 0,54 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 0,05 млрд. теңгеге ұлғайды және 198,03 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,07% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,2% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 604,41 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 3,28%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 14,43% орташа алынған кірістілікпен 338,29 млрд. теңгені құрады.

Шетелдік банктердегі депозиттер

Есептік айда жалпы сомасы 225,27 млрд. теңгеге шетелдік банктердегі салымдар өтелді.

Қарастырылып отырған кезеңде валюталық портфельдің кірістілігін ұстап тұру мақсатында өтеу мерзімі 5 күн және жылдық 5,30% орташа алынған кірістілікпен 90,43 млрд.теңге сомасына АҚШ долларына номинирленген шетелдік банкке салым орналастырылған.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 13,42 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,07% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде шығарылым талаптарына сай 0,50 млрд.теңге сомасына «СевКазЭнерго» АҚ облигацияларының бөлігі мерзімінен бұрын өтелді.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады және өтелмеді.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 13,34 млрд. теңгеге ұлғайды және 1 812,62 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,83% құрады.

Есептік кезеңде ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 11,5%, АҚШ долларына – жылдық 5,5% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 56,24 млрд.теңгеге азайды және 795,58 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,31% құрады.

Эмиссия проспектісінде белгіленген мерзімге сәйкес 46,49 млрд.теңге сомасына «Kaspi Bank» АҚ облигациялары бойынша негізгі борыш өтелді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,6% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 7,23 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 35,93 млрд. теңгеге ұлғайды және 370,00 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,01% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде 23,17 млн.дана көлемінде жалпы сомасы 24,88 млрд.теңгеге «Эйр Астана» АҚ жай акциялары сатып алынды.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейде ұстау мақсатында инвестициялық портфельді түрлендіру үшін Қазақстан қор биржасында 400,00 млн. АҚШ доллары сатып алынды.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.01.2024 жылға үлесі	01.03.2024 ж. ағымдағы құны	01.03.2024 ж. үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	12 161,38	68,30%	12 506,57	67,8%	2,8%
АҚШ доллары	5 639,89	31,67%	5 937,66	32,2%	5,3%
Басқа валюталар	4,76	0,03%	4,78	0,03%	0,39%
Жиыны:	17 806,03	100,00%	18 449,0	100,0%	3,6%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2024 жылдың басынан бері есептелген инвестициялық кіріс көлемі 351,12 млрд. теңгені құрады.


2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген соңғы 12 ай үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 9,30% болғанда 10,68% құрады. 2024 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 1,91% құрады.

2024 жылғы ақпанда АҚШ-та инфляцияның өсуі нарық күтуінен жоғары болды. Бұл ретте АҚШ ФРЖ өкілдерінің тоны анағұрлым қатты болды, бұл еңбек нарығы бойынша күшті статистикамен бірге 2024 жылдың соңына дейін АҚШ базалық мөлшерлемесінің 6-дан 3-ке төмендеуі саны бойынша күтулерінің азаюына әкелді.

Нәтижесінде ақпан айының қорытындысы АҚШ-тың эталондық 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 34 базалық тармаққа көтерілді. Корпоративтік облигациялар бойынша спредтер өзгермеді, ал дамушы елдердің облигациялары бойынша спредтер 27 базалық тармаққа тарылды. Мұнымен бірге MSCI World акцияларының индексі технологиялық компаниялар бойынша позитив аясында 4,1% -ға өсті.

ҚР МБҚ орналасуында базалық мөлшерлеменің 50 базалық тармаққа 14,75%-ға дейін төмендеуі және жылдық инфляция қарқынының төмендеуі аясында қысқа мерзімді және орта мерзімді ҚР МБҚ бойынша кірістіліктің төмендеуі байқалды. Ақпан айының қорытындысы бойынша инфляция жылдық 9,3%-ға дейін (қаңтар айында 9,5%) төмендеді. Алайда ай сайынғы өсу қарқыны 1,1%-ға дейін (қаңтар айында 0,8%) тездетілді, бұл соңғы 12 айдағы максимум.

ҚР МБҚ аукциондарында орташа сұраныс ұсыныстан 2,8 ретке асып түсті, бұл нарық тарапынан 5 жылға дейін ҚР МБҚ орналастыруларына жоғары сұраныспен түсіндіріледі.



Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2024 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «жері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер	275,12
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	-26,41
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар)	103,05
Басқа кірістер (шығындар)	-0,65
Жиньы:	351,12

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының³ талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2024 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	КЗТ ақшалай қаражаты	0,08%	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	0,66%	иә
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	66,83%	
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	46,74%	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	3,28%	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	11,38%	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің	5,11%	иә

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

	бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:		
1)	Реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар	3,96%	иә
2)	Үлестік бағалы қағаздар	0,07%	иә
3)	депозиттер	1,07%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.6	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар	0,33%	иә
1.7	Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары	0,0%	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	30,76%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	18,28%	иә
2.2.	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	5,48%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық колхаттар	6,96%	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	0,00%	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,04%	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	0,33%	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (3А жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың:	0,00%	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,0%	иә

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны/мәміле сомасы теңгемен
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	455 134 480 000
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	262 116 006 000
Жай акциялар	KZT	«Эйр Астана» АҚ	24 879 540 424
Жиыны			742 130 026 424

6-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сату/мерзімінен бұрын өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Мәміле сомасы теңгемен
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	114 717 114 768
Еурооблигациялар	USD	ҚР Үкіметі	77 683 623 484
Облигациялар	KZT	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	502 482 639
Жиыны			192 903 220 891

7-кесте. Есептік айда бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен өтеу сомасы
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	115 813 620 000
Облигациялар	KZT	«KASPI BANK» АҚ	46 490 643 300
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	15 677 000 000
Жиыны			177 981 263 300

8-кесте. Есептік айда салымдарға орналастырулар бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен орналастыру сомасы
Салым	USD	Credit Agricole CIB Hongkong Branch	90 428 000 000
Жиыны			90 428 000 000

9-кесте. Есептік айда салымдар бойынша негізгі борышты өтеу жөнінде мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен орналастыру сомасы
Салым	USD	Credit Agricole CIB Hongkong Branch	225 356 410 000
Жиыны			225 356 410 000